



- “Кәсіби қазақ тілі” – нормаға түскен әдеби тілді, іскерлік және кәсіби қарым-қатынастың түрлерін, ғылыми стильдің жанрлық ерекшеліктерін оқытатын негізгі пән





- Кәсіби тіл – белгілі бір мамандық, не кәсіп саласы шеңберінде жиі қолданылатын тілдік құрылымдар жиынтығы. Кәсіби тіл – өз саласына сай терминологиясы, кәсіби-ғылыми ұғымдық аппараты бар, сөз қолданысы мен тіркесуінде қалыптасқан нормалары бар тіл болып табылады.





- Кәсіби қазақ тілі мен қазақ тілін оқыту әдістемесі екі жақты, олай дейтінім қазақ тілі - тіл үйрету, яғни мұнда оқытушы тілді үйретуді басшылыққа ала отырып, тіл үйретудегі барлық әдіс-тәсілдерді, тілдік нормаларды, грамматикалық тұлғаларды толығымен қамтып, тілдік, оның ішінде ауызекі сөйлеу әрекетіне бағыттайды. Ал, кәсіби қазақ тілі - әр маман иесін өз маман тілінде сөйлей алуға бағыттау. Бұл салада болашақ маман, яғни студент тілді меңгерген немесе түсіне алатын, сөйлеуге талпыныс жасайтын, грамматикалық тұлғалардан, тілдік нормалардан хабары бар тұлға болуы тиіс. Мұнда оқытушының мақсаты – әр мамандық ерекшелігіне байланысты термин сөздерді меңгерте отырып, кәсіби тілде сөйлеуге бағыттау.



- «Кәсіби қазақ тілінің» мақсаты - қазақ тілін кәсіби деңгейде меңгеру. Бұл пәнді аяқтаған тіл үйренушіге қойылатын талаптар:
 - мемлекеттік тілде таратылатын мол ақпараттар толқынынан өзіне, өз мамандығына қажеттісін таңдап алып, оны коммуникативті-функционалдық бағытта қолдана білуі керек;
 - мемлекеттік тілде өзіндік көзқарасын таныта білу, оны дәлелдеп, қорғай білуі;
 - өзінің алған білімі мен білік-дағдыларын, қазақ тіліндегі сөздік қорын, терминологияны үнемі дамытып отыруы;
 - мемлекеттік тілде өз мамандығы аясында шешен сөйлеуге дағдылануы;
 - кез келген жағдайда өз бетінше шешім қабылдай білуі;
 - проблеманы танып, оны шешудің жолдарын айқындау, оны мемлекеттік тілде көркем жеткізе білуі керек және т.б.



Кәсіби қазақ тіл негізгі мақсаты –
коммуникативтік құзыреттілік дағдыны
қалыптастыру және дамыту, бәсекеге қабілетті
әрі құзіреттілігі жоғары тұлғаның кәсіптік
маңызы бар жағдайларда ғылыми тілмен қазақша
ойын толық және анық жеткізуі үшін тілдік
кәсібибағдарлы дайындығын қамтамасыз ету.





- Кәсіби тіл және оның құрамы. Кәсіби терминология - ғылыми стильдің негізгі белгісі. Термин - әлем бейнесінің ғылыми саладағы негізгі ұғымдық бірлігі және тілдің ғылыми стилінің негізгі лексикалық бөлігі. Жаратылыстану- техникалық және қоғамдық- гуманитарлық бағыттардың ғылыми терминологиясы. Тар шеңберлі мамандықтардың салалық терминдері. Термин жасалуының сөзжасамдық ерекшеліктері: 1) атаулардың сөзжасамдық тұлғалар арқылы жасалу жүйесі; 2) интернационалдық түбірлер мен қазақ тілі жұрнақтары; 3) атаулық тіркестер жәе лексикалану үдерісі т.б.



- Кәсіби қазақ тілін оқыту әдістемесі теориялық білім берумен қатар болашақ мамандыққа баулиды. Білікті маман дайындау, білім беру – қоғам дамуының негізгі жолы. Осыған орай қазақ тілінен берілетін базалық білім таңдалады. Қажетті базалық білімде ерекше орынды жоспарлау мәселесі алады, себебі бүгінгі студент ертеңгі маман, іскерлік қарым-қатынас жағдайында жол таба білуге үйрету маңызды болып саналады. Бүгінде оқытудың барлық түрін кешенді қарастыру, оларды бір-бірімен байланыстыру мақсаты басым. Бүгінгі күн талабы – маманның кәсіби бағыттылығын, іскерлігін қалыптастыру. Сондықтан кәсіптік білім беруде өтілетін тақырыптар, соның ішінде ғылымның соңғы жетістіктеріне негізделуі тиіс.